

**Петропавл қаласы әкімдігі 2005 жылы 23 наурыздағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру Ережесін бекіту туралы" N 215 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 26 қазандағы N 1342 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2005 жылғы 2 желтоқсанда N 13-1-27 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"»N 148 Заңының 31-бабы 1-тармағындағы 14) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2005 жылғы 27 шілдедегі NN№2-1228/05 шешімінің негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек беру Ережесін бекіту туралы" N 215 (2005 жылғы 15 сәуірдегі әділет органында мемлекеттік тіркеу нөмірі NN№1578; 2005 жылғы 6 мамырдағы "Добрый вечер" газеті.) мынадай өзгерістер енгізілсін.

Жоғарыда аталған қаулымен бекітілген қосымшада:

7-тармақтағы "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы" сөздер "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жағынан сөздерімен ауыстырылсын.

8-тармақ алынып тасталсын.

Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Н. Құлжановаға жүктелсін.

*Қала әкімі*